

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Заң факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№ 3 хаттамасы

Түркістан қаласы

14.11.2025 ж.

Қатысқандар: факультет деканы Қасымбек Әлия Орынбасарқызы, факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы аға оқытушы А.Алимбаева, оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Қ.Тұрлыбеков, ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.Ибраев, кафедра меңгерушілері: PhD, М.Иманбекова, PhD, А.Нұрмұханбет, кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушылар: PhD, О.Досекеев, аға оқытушы М.Данишбаева және ОПК.

Күн тәртібі :

1. Бітіруші студенттер мен магистранттар, докторанттар үшін кешенді (мемлекеттік) емтихан пәндерінің тізімін талқылап, емтихандардың сұрақтарын талдау, бағдарламаларын бекітуге ұсыну және бітіру жұмысы формасын (диплом жұмысы/дипломдық жоба) анықтау.
2. Магистрлік докторлық жұмыстардың (жоба) тақырыптарын, жетекшілерін, пікір берушілерін талқылау, бекітуге ұсыну
3. Студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру
4. Білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалаудың факультетте жүзеге асырылу жағдайын талдау.
5. Кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі жағдайы
6. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша факультет деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары Қ.Тұрлыбеков сөз алып; 2025-2026 оқу жылында Заң факультетінің «Қылмыстық құқық», «Конституциялық құқық және азаматтық құқық» кафедраларының білім беру бағдарламалары бойынша бітіруші білім алушылардың қорытынды аттестаттаудың қабылдау нысаны төмендегі көрсетілген кестеге сай ұсынысын таныстырды.

№	ББ шифры және атауы	Білім алушы саны	Қорытынды аттестаттау нысаны		Қабылдау түрі	Жауапты кафедра
1	6В04245- Құқықтану	21	1.Кешенді емтихан	1.Конституциялық құқық 2.Мемлекет және құқық теориясы	Тәжірибелік	Конституциялық құқық және азаматтық құқық
			2.Кешенді емтихан	1.Азаматтық құқық (жалпы және ерекше бөлім) 2.Қылмыстық құқық (жалпы және ерекше бөлім)		
2.	6В04281- Халықаралық құқық	6	1.Кешенді емтихан	1.Конституциялық құқық 2.Мемлекет және құқық теориясы	Тәжірибелік	
			2.Кешенді емтихан	1.Азаматтық құқық (жалпы және		

				ерекше бөлім) 2.Қылмыстық құқық (жалпы және ерекше бөлім)		
3.	6B04282-Құқық қорғау қызметі	8	1.Кешенді емтихан	1.Конституциялық құқық 2.Мемлекет және құқық теориясы	Тәжірибелік	Қылмыстық құқық
			2.Кешенді емтихан	1.Азаматтық құқық (жалпы және ерекше бөлім) 2.Қылмыстық құқық (жалпы және ерекше бөлім)		

2025-2026 оқу жылындағы 28.08. күнгі №1 Сенат мәжілісінің 3.3 тармағының шешімі бойынша бекітілген Академиялық күнтізбеге сәйкес Заң факультетіне 2024-2025 оқу жылында білімін аяқтай алмаған білім алушылардың қорытынды аттестаттаудың қабылдау нысаны төмендегі көрсетілген кестеге сәйкес ұсынылды.

№	ББ шифры және атауы	Білім алушы саны	Қорытынды аттестаттау нысаны		Қабылдау түрі	Жауапты кафедра
1	6B04245- Құқықтану	26	1.Кешенді емтихан	1.Конституциялық құқық 2.Мемлекет және құқық теориясы	Тест	Конституциялық құқық және азаматтық құқық
			2. Кешенді емтихан	1.Азаматтық құқық (жалпы және ерекше бөлім) 2.Қылмыстық құқық (жалпы және ерекше бөлім)	Жазбаша	Қылмыстық құқық

Сонымен қатар емтихандардың сұрақтарын талданып, бағдарламалары талқыланып, бекітуге ұсынылды. Жоғарыда аталған ұсыныстар негізінде дауыс беру ұсынылды, мәжіліс мүшелері бірауыздан қолдап дауыс берді.

Шешім: 1.1 Бітіруші білімгерлер мен магистранттар, докторанттар үшін қорытынды аттестаттау пәндерінің тізімін талқылап, емтихандардың сұрақтарын талдау, бағдарламаларын бекітуге ұсынылсын және бітіру жұмысы формасы ұсынылған кестеге сәйкес анықталсын.

Екінші мәселе бойынша кафедра меңгерушілері кафедра тарапынан ұсынылған докторлық, магистрлік жұмыстардың тақырыптарын, жетекшілері мен пікір берушілері тізімі туралы ұсыныстарымен таныстырды.

Шешім: 2.1 Магистрлік докторлық жұмыстардың (жоба) тақырыптары, жетекшілері, пікір берушілері бекітуге ұсынылсын.

Үшінші мәселе бойынша факультет деканы Ә.Қасымбек саз алып: Студенттер арасында пәндік олимпиадаларды ұйымдастыру – білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін арттырудың, олардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастырудың және шығармашылық әлеуетін дамытудың маңызды тетігі болып табылады.

Алайда соңғы бірнеше жыл көлемінде құқықтану мамандығы бойынша студенттердің пәндік олимпиадаларға қатысуы жүйелі түрде ұйымдастырылмағаны байқалады. Нақтырақ айтқанда, соңғы 3 жылдан бері құқықтану пәні бойынша студенттер пәндік олимпиадаларға қатыспаған немесе бұл бағытта белсенді жұмыс жүргізілмеген.

Осыған байланысты студенттердің ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылығы төмендеп, бәсекеге қабілеттілік деңгейі жеткілікті дәрежеде дамымай отыр. Пәндік олимпиадалар студенттердің құқықтық ойлау қабілетін, талдау жасау дағдыларын және кәсіби бағыттылығын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Алдағы оқу жылында құқықтану пәні бойынша студенттер арасында пәндік олимпиадаларды қайта жандандыру, оны жүйелі түрде өткізу, сондай-ақ жауапты оқытушыларды бекіту қажеттілігі туындап отыр. Сонымен қатар, олимпиадаға дайындық жұмыстарын оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырып, студенттерді ынталандыру шараларын қарастыру ұсынылады.

Шешім: 3.1 Білімгерлер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру 2025-2026 оқу жылының 2-семестрінде қолға алынсын. (жауаптылар; кафедра меңгерушілері)

Төртінші мәселе бойынша факультет деканы Ә.Қасымбек сөз алып; білім алушылардың құзіреттерді меңгеру деңгейін бағалаудың факультетте жүзеге асырылу жағдайы бойынша олардың үлгерім нәтижелерінің ұдайы бақылауда екендігін айтты. Сонымен қатар 2024-2025 оқу жылындағы нәтижелер бойынша оқытушылар арасында талқылаулар ұйымдастырылғандығын атап өтті.

Шешім: 4.1 Білім алушылардың құзіреттерді меңгеру деңгейін бағалаудың факультетте жүзеге асырылу жағдайы назарға алынсын.

Бесінші мәселе бойынша факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы, А.Алимбаева сөз алып; оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) пәндер бойынша жиынтық әзірленген. ОӘК пәнді өту үшін жеткілікті ақпаратты қамтиды. Кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі жағдайы қанағаттанарлық екендігін айтты. Атап айтқанда кафедраларда оқу жұмысы іске асырылатын келесі БББ бойынша пәндердің оқу әдістемелік кешендері университет порталына ОПҚ тарапынан жүктелген.

Шешім: 5.1 Кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілу жағдайы қанағаттанарлық деп бағалансын.

Факультеттің Оқу-әдістемелік
комитет төрағасы



А.А.Алимбаева